

8D10140 - «Фармация» білім беру бағдарламасы  
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Қаржаубаева  
Айшабибі Дүйсенбекқызының «*Saussurea L.* туысының өсімдіктерін  
салыстырмалы фармакогностикалық зерттеу және олардың қолдану  
перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Докторант Каржаубаева Айшабибі Дүйсенбекқызының диссертациялық жұмысының өзектілігі Қазақстан Республикасының фармацевтикалық ғылымы мен тәжірибесінде дәрілік өсімдік шикізатын ғылыми негізде зерттеу, олардың түпнұсқалығы мен сапасын айқындау, сондай-ақ биологиялық белсенді заттарын сипаттау қажеттілігімен айқындалады. Табиғи дәрілік өсімдік шикізаттарына сұраныстың артуы және фитопрепараттар өндірісінің дамуы жағдайында күлгін шұбаршөп (*Saussurea sordida* Kar. & Kir.) пен альпа шұбаршөбі (*Saussurea alpina* (L.) DC.) өсімдіктерін кешенді зерттеу ғылыми тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да өзекті мәселе болып табылады.

Диссертациялық жұмыста өсімдіктердің морфологиялық және анатомиялық сипаттамалары жан-жақты талданған. Макроскопиялық және микроскопиялық зерттеулер нәтижесінде екі өсімдік түрінің диагностикалық маңызды белгілері анықталды.

Сандық көрсеткіштер бойынша екі өсімдік те ҚР Мемлекеттік фармакопеясының талаптарына сәйкес келеді, бұл деректер фармакопеялық стандарттар мен нормативтік құжаттар әзірлеуге негіз бола алады.

Фитохимиялық зерттеулердің нәтижелері ерекше ғылыми мәнге ие. Докторант өсімдіктердің құрамындағы биологиялық белсенді заттардың негізгі топтарын – полисахаридтер, флавоноидтар, фенол қосылыстары, алкалоидтар, сесквитерпенді лактондар, эфир майларын және аскорбин қышқылын анықтап, олардың сандық мөлшерін жоғары дәлдікпен белгілеген. Жоғары тиімді сұйықтық хроматографиясы, ИҚ-спектроскопия, УК-спектрофотометрия, газды хроматография-масс-спектрометрия және атомды-абсорбциялық спектроскопия сияқты заманауи аналитикалық әдістерді қолдану нәтижелердің сенімділігін арттырады. Сонымен қатар, масс-спектрометриялық талдаулар екі өсімдік сығындыларында биологиялық белсенді қосылыстардың кең спектрін анықтауға мүмкіндік берді.

Фармакологиялық зерттеулер барысында жедел және созылмалы уыттылықты зерттеу нәтижелері көрсеткендей, күлгін және альпа шұбаршөбі шөптерінің сулы-спиртті сығындылары қауіпсіз болып, организмге кері әсер етпейді. Антиоксиданттық белсенділік зерттеу нәтижелері күлгін шұбаршөп шөбінің биологиялық белсенді қосылыстарға бай екенін, оның антиоксиданттық қасиеттерінің жоғары екенін дәлелдеді. Бұл оның болашақта фитопрепараттар өндірісінде перспективалы шикізат көзі болатынын көрсетеді.

Диссертациялық жұмыстың практикалық мәні жоғары. Зерттеу нәтижелері дәрілік өсімдік шикізатын стандарттау, фармацевтикалық өндіріс және жаңа фитопрепараттар әзірлеу ісінде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар,



жұмыс барысында шикізатты жинау мен өңдеудің тиімді әдістері ұсынылған. Бұл зерттеудің тәжірибелік енгізілу мүмкіндігін арттырады.

Диссертациялық жұмыс тақырыптың өзектілігі, құрылымы, ғылыми жаңалығы, зерттеу әдістемесінің кешенділігі және тәжірибелік маңыздылығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық сәйкес келеді.

Докторант Каржаубаева Айшабибі Дүйсенбекқызы зерттеуді жоғары ғылыми деңгейде жүргізген, алынған нәтижелер сенімді, толық және дәлелді.

Диссертациялық жұмыс философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Докторант 8D10140 – «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші:**

«ОҚМА» АҚ, дәрілер технологиясы  
және фармакогнозия кафедрасының  
доцент м.а., PhD



Ғылыми кеңесшінің қолы расталады:

|                                  |
|----------------------------------|
| Оразбеков Е.К.                   |
| ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫН АЙҚЫНДАЙМЫН |
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН               |
| МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ           |
| КАДРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БӨЛІМІ            |

*Е.К.*